

Әлеуметтік-саяси жарнама жөніндегі облыстық сараптау комиссиясы туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімінің шешімі 2000 жылғы 4 қыркүйектегі N 199 Павлодар облысының әділет басқармасында 2000 жылғы 28 қыркүйекте N 440 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімінің 2003 жылғы 18 маусымдағы N 18 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімінің 2003 жылғы 18 маусымдағы N 18 шешімімен.

"Қазақстан-2030" Стратегиясы шеңберінде әлеуметтік-саяси жарнаманың, оның идеологиялық және эстетикалық мазмұнының сапасы мен тиімділігін арттыру, облыстың елді мекендерінде сыртқы жарнаманың сапасыз дайындалуы мен орналастырылуының алдын алу мақсатында ШЕШІМ қабылдаймын:

1. Әлеуметтік-саяси жарнама жөніндегі облыстық сараптау комиссиясы құрылсын, оған үйлестіруші органның функциясы берілсін, құрамы және Ережесі бекітілсін (1, 2-қосымшалар).

2. Облыс қалалары мен аудандарының әкімдері елді мекендерде орналастыруға жоспарланған сыртқы әлеуметтік-саяси жарнаманың идеологиялық мазмұнының мәселелерін облыстық сараптау комиссиясымен келісетін болсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Н.Түменоваға жүктелсін.

Облыс	әкімінің	О б л ы с	ә к і м і
7	қыркүйектегі	2000	жылғы
N	196	шешіміне	1-қосымша

Әлеуметтік-саяси жарнама жөніндегі облыстық сараптау комиссиясының ҚҰРАМЫ Түменова Бақыт Ниязбекқызы - облыс әкімінің орынбасары, төраға Наурызбаева Гүлбарам - облыс бойынша ақпарат және қоғамдық Әуезханқызы келісім басқармасының бастығы, төрағаның орынбасары (келісім бойынша) Комиссия мүшелері: Ахметова Күлжан - Павлодар қаласы әкімінің орынбасары Мұқышқызы Артемьев Вячеслав - "Стандарттау, метрология және сертификаттау Михайлович қазақстандық орталығы" РМК-ның Павлодар филиалының бастығы (келісім бойынша) Афанасьева Валерия -

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік Никандровна университеті орыс филологиясы кафедрасының доценті, педагогика ғылымының кандидаты (келісім бойынша) Бабкин Константин - бас маман - облыс әкімінің баспасөз хатшысы Валерьевич Баймолдин Қажыбек - Павлодар облыстық Суретшілер Қамалұлы одағының төрағасы (келісім бойынша) Қанафина Айым - облыс мәдениет департаментінің бастығы Мүкәрамқызы Қабдуәлиев Марат - облыс коммуналдық шаруашылық, көлік және Зейнекенұлы коммуникациялар департаменті бөлімінің бастығы - облыстың бас сәулетшісі Мусина Ғалия - облыс әкімі аппаратының бөлім меңгерушісі Қайроллақызы Поповиченко Татьяна - облыс бойынша ақпарат және қоғамдық келісім Васильевна басқармасы бөлімінің бастығы (келісім бойынша) Текжанов Хафиз - С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік Ахметұлы университеті қазақ тілі практикалық курсы кафедрасының меңгерушісі, тілдерді дамыту жөніндегі үйлестіру орталығының басшысы, доцент (келісім бойынша)

Облыс әкімінің 2000 жылғы

7 қыркүйектегі N 196 шешіміне 2-қосымша

Әлеуметтік-саяси жарнама жөніндегі облыстық сараптау комиссиясы туралы Е Р Е Ж Е

1. Жалпы ережелер

Әлеуметтік-саяси жарнама жөніндегі облыстық сараптау комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) жергілікті атқару органдарының сыртқы әлеуметтік-саяси жарнаманың жүйесін реттеу және сапасын жетілдіру жөніндегі қызметін үйлестіру үшін облыс әкімінің шешімімен құрылады.

Комиссия құрамына облыс бойынша ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының, мәдениет департаментінің, "Стандарттау, метрология және сертификаттау қазақстандық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны Павлодардағы филиалының, облыстық сәулет мекемесі мен Суретшілер одағының, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің, облыс және Павлодар қаласы әкімдері аппараттарының өкілдері кіреді. Комиссияны облыс әкімінің әлеуметтік-экономикалық мәселелерге басшылық жасайтын орынбасары басқарады. Комиссия мәжілістері қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

2. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары

Көрнекі құралдардың рәсімделуін реттеу және сыртқы әлеуметтік-саяси жарнаманың сапасын бақылау комиссияның негізгі міндеті

болып табылады. Комиссия негізгі міндетіне сәйкес мынадай функцияларды атқарады: облыстың барлық елді мекендерінде орналасқан жарнама қалқандарына сараптама жасайды; қоғамдық-саяси жарнаманың жай-күйі мен мазмұнын, оның дайындалу сапасын бақылау жүйесін қалыптастырады. 3. Комиссияның өкілеттілігі Комиссия өз құзыры шеңберінде: сыртқы әлеуметтік-саяси жарнаманың сапасы мен мазмұнына бақылау жасаудың нысаны мен тәртібін анықтауға;

өз мәжілістеріне облыстық, қалалық, аудандық мемлекеттік басқару органдарының, сыртқы жарнамалық бұйымдар шығаруға кәсіптенген әр түрлі меншік нысанындағы мекемелердің, кәсіпорындар мен фирмалардың басшыларын шақырып, олардың есептерін тыңдауға;

жергілікті атқарушы органдардың басшыларынан мазмұны мен эстетикалық орындалуы жағынан сапасыз әлеуметтік-саяси жарнама объектілерін алып тастауды, ауыстыруды, сыртқы жарнама құралдарын дайындағанда "Қазақстан Республикадағы тіл туралы" Заңның нормаларын қатаң сақтауды талап етуге;

жергілікті атқарушы органдар басшыларының орындауына міндетті хаттамалық шешімдер қабылдауға; Комиссия жұмысына қажетті құжаттарды, материалдар мен ақпараттарды белгіленген тәртіпте сұратып алуға; әлеуметтік-саяси жарнама жөніндегі қалалық, аудандық комиссиялардың қызметін үйлестіруге және бақылауға құқылы. 4. Комиссия қызметін тоқтату Облыс әкімінің шешімімен Комиссияның қызметі тоқтатылады, ол қайта құрылады және таратылады.